

ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES INSTITUTE

№4/2023

Жылына 4 рет шығады
2001ж.шығабастаған

Выходит 4 раза в год
Начали издаваться с 2001г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2023

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан

Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде

қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 27.12.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 27.12.2023 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraihyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhan L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.12.2023 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БАКИРОВА Ш.А., БАЙМЫШ Л.Қ.	Қазақ тіліндегі тәуелдік жалғауының көнеленуі мен түбірге кірігу мәселесі.....	7
BEKENOVA G.SH. AKHMETOVA G.S.	Lexical and semantic characteristics of place and water names of the Abaydistrict.....	20
ЕРМЕКБАЕВА М.А.,	«Қасқыр» зоониміне байланысты мақал-мәтелдердің семантикасы (қазақ және түрік тілдері негізінде).....	31
ЕСІМСЕЙТОВ Б.Р., КОКИШЕВА Н.М.	«Заң» сөзінің негізінде жасалған сөзжасамдық ұяның көлемдік сипаты	47
KARAGULOVA B.S., MUKHTAROVA S.S.	Types of lexical and grammatical transformations in literary translation.....	62
КЕМЕЛБЕКОВА Е.А.	Linguistic features of borrowed terms of applied geometry and their semantic modification in kazakh language.....	75
КЕНЖАЛИН Қ.Қ., ДАНИЯР Ә.А.	«Бабырнамадағы» жай сөйлемдер мен төл сөздердің қолданысы.....	88
ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш., ҚҰЛМАНОВ С.	Қазақ терминжасамы: дәстүрлі үдерістер және қазіргі даму бағыты.....	107
ОМАРБЕКОВА Г.Ә.	Мұхтар Әуезовтің эпистолярлық стилінде антропонимдік вокативтердің қолданысы.....	130
УРАЗАЕВА К.Б., ИДРИСОВА Э., АЗКЕНОВА Ж.	Риторический идеал и риторическая идентичность. Приемы создания картины мира в поэзии жырау.....	144
ХАСАНГАЛИЕВА Б.К., ИСАКОВА С.С., ӘЛІМБЕК Г.Р.	Когнитивтік терминтанымның негізгі ұстанымдары.....	162

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АЛЪЖАНОВА А.Ы., БАЛМАГАМБЕТОВА Ж.Т.	Проблемы адаптации казахской художественной прозы (на примере прямого и опосредованного переводов романа А. Нурпеисова «Соңғы парыз»).....	177
КАРБОЗОВ Е.К., МАМЕЖАНОВА Ә.Е.	1960-80 жылдардағы қазақ поэзиясындағы ұлттық дүниетаным және салт-дәстүр.....	190
МАТАЕВА А.К.	Қазіргі қазақ әдеби сынындағы ізденістер.....	207
МАУЛЕТ А., ҚОБЛАҢДИН Қ.И.	Ақмола қазақтары фольклорлық мұрасының эстетикалық мәні.....	220

НУРЛАНОВА А.Н., СЕЙПУТАНОВА А.К., ЖӘМСАП А.Т.	Ш.Құдайбердіұлы поэзиясындағы «ар-ұждан» категориясы.....	238
НҰРБАНОВА А.Қ., БАРАТОВА М.Н.	Жалпы адамзаттық рухани құндылықтар теориясы.....	248
ОЛЖАБАЕВ Б.К., ПАНГЕРЕЕВ А.Ш., СӨЙЛЕМЕЗ О.	Түркі халықтары фольклорында туған жерді кие тұту мотивтері.....	266

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА
И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

BUKAYEVA A.A., BIRAY N.	The effect of implementing case study approach on students learning outcomes in teaching kazakh legal discourse.....	281
YERSULTANOVA G.T., KENZHEKANOVA K.K., TUSSUPBEKOVA M.ZH.	Teaching english grammar using internet resources.....	294

XFTAP 16.01.09

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.09>

Г.Ә. ОМАРБЕКОВА 

Назарбаев Университеті, Астана, Қазақстан
(e-mail: gulnara.omarbekova@nu.edu.kz)

МҰХТАР ӘУЕЗОВТИҢ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ СТИЛІНДЕГІ АНТРОПОНИМДІК ВОКАТИВТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Аңдатпа. Қазақ тіл білімінде жеке ақын, жазушылардың тілін зерттеген жұмыстар көптеп саналғанымен де, хат алмасуда жеке жазушының эпистолярлық тілін зерттеген ғылыми бағыттағы жұмыстар біраз қарқынмен дамып келеді. М.Әуезовтің шығармаларының елу томдық толық жинағының елуінші томында жинақталған жазушының эпистолярлық прозасы – ұлттық мәдениетіміздің ажырамас бөлігі. Жазушы ғалым ретінде, отбасы мүшесі ретінде, қарапайым адам ретінде адресаттарға жазған хаттары дара тұлғаның шығармашылық келбеті мен хат жазу стилі туралы, сол кезеңдегі тарихи оқиғалар мен жақын замандастарымен араласқан әлеуметтік ортасынан хабар береді. Мақаланың мақсаты – М.Әуезовтің эпистолярлық дискурсындағы антропонимдік вокативтерге тән ерекшеліктерді нақтылап, оның идиостиліндегі осы тілдік бірліктердің коммуникативті-функционалдық және прагматикалық қызметін анықтау болып табылады. Студенттер жазушының шығармашылығында антропонимдердің эпистолярлық жанрда вокативтік қызметте жұмсалудың, нақты мәнмәтінде қолдану ерекшелігін меңгереді, қаламгердің эпистолярлық жанрдағы жеке қолтаңбасымен танысады. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін М.Әуезовтің толық жинағының елуінші томында жарияланған хаттардағы барлық вокативтік қолданыстар жинақталып, лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне байланысты топталды, контенттік талдау арқылы вокативтердің ортақ жасалу нұсқалары мен қолдану жиілігі нақтыланды және олардың прагматикалық қолдану ерекшелігі анықталды.

Түйін сөздер: М. Әуезов, корреспонденция, антропонимдер, эпистолярлық стиль, вокатив, жалқы есім.

Кіріспе. Тіл – қоғамның барлық мүшелеріне ортақ сөйлеу құралдарының, ережелерінің және белгілерінің жүйесі. Тіл біліміндегі коммуникативті-прагматикалық бағыттың идеясынсыз қарым-қатынасты әрекет ретінде түсіну мүмкін емес. Коммуникативтік тәсіл қарым-қатынаста орын алатын өмірлік маңызды міндеттерді шешу үшін ой мен сезімнің алмасу процесінде серіктестердің коммуникативтік өзара әрекеттесуінде тілдік бірліктердің мәнін, мазмұнын ашады. Прагматикалық тәсіл жеке адамның тілді

қарым-қатынас құралы ретінде жағдайға байланысты адресаттың әлеуметтік ерекшеліктеріне, тақырыпқа, уәжі мен мақсаты, қарым-қатынастың орны мен уақытына назар аудара отырып, тілдік бірліктердің қажеттісін таңдап, орынды қолдануын қарастырады. Функционалдық тәсіл тілдік бірліктердің өздеріне тән қасиеттері мен олардың мәтінде қолданылу ерекшеліктері тұрғысынан сөйлеуде көрініс табады [1]. Тілді сипаттаудың функционалдық, коммуникативті және прагматикалық тәсілдері бір-бірімен тығыз байланысты және жеке өзіндік ерекшеліктерімен бірін-бірі толықтырады.

Танымал тұлғалардың жазған хаттарымен танысу және олардың мазмұнын танып, түсіну студенттерге белгілі бір қиындықтар туғызуы мүмкін. Жеке хаттардың стильдік жазылу ерекшелігіне байланысты, яғни жазушының жеке сөз саптауын, идиолектінің ерекшелігімен қатар, жазушының өмір сүрген уақытындағы экстралингвистикалық факторларға байланысты қолданылған тілдік бірліктердің функционалды-прагматикалық қолданысын студентке түсіндірген абзал. Жазудағы жиі кездесетін қателердің бірі – студенттердің жалқы есімдерді дұрыс қолданбауымен байланысты да орын алуы мүмкін. Жазушылар мен ақындардың жеке хат-хабарларында кездесетін антропонимдердің қолданысын талдап, түсіндіру бұл қателердің алдын алып, болдырмауға көмектеседі. Қазақ тілін үйренетін студенттер тіл сабақтарында не одан тыс өтетін іс-шараларда қазақ әдебиеті өкілдерінің шығармаларымен танысып, өз ой-өрісін кеңейтуге ұмтылады. Біздің ойымызша, тіл үйренушілерді ХХ ғасырдағы жазушылар мен ақындардың қазақ әдебиетінің дамуына үлес қосқан маңызды шығармаларымен бірге авторлардың жеке эпистолярлық жұмыстарымен де таныстыру студенттердің авторлардың өмір сүрген кезеңдегі орын алған оқиғалардың барысын біліп, соған қатысты қаламгердің жеке сөз қолданыс үлгілерін түсініп, тануына септігін тигізеді. Осы мақала барысында зерттеуде вокатив (лат. *vocativus* – шақыру, қарату) сөздерді, яғни М. Әуезовтің эпистолярлық шығармаларындағы қаратпа тіл бірліктері талданып, оларды сипаттаудағы қолданылған тәсілдердің қалай жүзеге асқандығы анықталады. Мақаланың мақсаты – М. Әуезовтің эпистолярлық дискурсындағы антропонимдік вокативтерге тән ерекшеліктерді нақтылап, оның идиостиліндегі осы тілдік құралдардың коммуникативті-функционалдық және прагматикалық қызметін анықтау болып табылады. Осы арқылы эпистолярлық жанрда М. Әуезовтің хат-хабар алмасудағы өзіндік жазу бірегейлігі, яғни идеолектісі зерделенеді.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Заманауи лингвистикалық зерттеулердің басты бағыты – әртүрлі мәтіндер мен мәлімдемелерді жасау және түсіндірудегі адамдардың сөйлеу әрекетінің кешені ретіндегі қарым-қатынас болып табылады. Тілді оқыту әдістемесінде кеңінен қолданылатын коммуникативті-функционалдық тәсіл теорияны меңгеріп және оны сөйлеу тәжірибесінде сәтті қолдануды, әлеуметтік лингвистикалық, «стратегиялық»,

әлеуметтік құзыреттерді қалыптастыруды көздейді [2]. «Коммуникативті-функционалдық тәсілдің өзегінде сөйлеу әрекеті жатыр. Сөйлеу әрекетінің өнімі – ауызша және жазбаша мәтіндер. Тілді оқыту мәтіннен басталып, мәтінмен аяқталады» [3, 55].

Қазақ тіл білімінде жеке ақын, жазушылардың тілін зерттеген жұмыстар көптеп саналғанымен де, жеке жазушының жазба мәтіндегі хат алмасуда эпистолярлық тілін зерттеген ғылыми бағыт біраз қарқынмен енді дамып келеді. М. Әуезовтің шығармаларының елу томдық толық жинағының елуінші томында жинақталған жазушының эпистолярлық прозасы біздің ұлттық мәдениетіміздің ажырамас бөлігі, жазушы қоғам қайраткері ретінде, ғалым ретінде, отбасы мүшесі ретінде, қарапайым адам ретінде жазған хаттары дара тұлғаның шығармашылық бейнесін, оның өмір сүрген уақытындағы орын алған тарихи оқиғалар жайында, замандастарымен қатынасын, әлеуметтік ортасынан хабар береді. Мәтінді түсіну – оқшау «вакуумдық» жағдайда емес, белгілі бір тыңдаушы мен айтушының арасында нақты біржағдайда, әлеуметтік мәдени контексте жүзеге асырылатын процесс. Айталық, оқиға туралы түрлі пікірлер, көзқарастар, пайымдаулар, қорытындылар жүреді. Тыңдаушы естіген оқиғасы туралы жеке пайымдау жасап қана қоймайды, сонымен бірге айтушының не айтпақ болғанына ой жүгіртеді, оны өз пайымдауымен салыстырады. Ал сөйлеуші оқиға туралы баяндай отырып, белгілі бір әлеуметтік актіге қатысады, тыңдаушының әлденеге көзін жеткізуге, оны әлденеден сақтандыруға күш салады [4,15]. Жалқы есімдерді жеке хат алмасуда қолдану тапсырмалары арқылы студенттер ұлттық антропонимдердің әр мәнмәтінде жұмсалып ерекшелігін меңгереді, эпистолярлық жанр мен жалпы тіл туралы білімдерін жетілдіреді. Осы мақсатта М.Әуезовтің жазған хаттарындағы барлық вокативтік жалқы, жалпы есімдер теріліп, лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне байланысты топталды, контенттік талдау арқылы, қаратпа сөздердің ортақ жасалу нұсқалары және олардың қолдану жиілігі нақтыланды, прагматикалық қолдану ерекшелігі анықталды.

Талқылау мен бақылау. Эпистолярлық стиль – жеке корреспонденцияда хат жазуда қолданылатын қарым-қатынас стилі. Л.В. Щерба бұл стилді көркем әдебиет түрлеріне жатпайтын, іскерлік тілдің нұсқасы деп қарастырды [5]. Кейбір филологтар эпистолярлық стильдің алуан түрлі жанрлары мен тілдік құралдары ауызекі сөйлеумен (жеке хат алмасуда), немесе іскерлік сөйлеумен (ресми хат алмасуда), публицистикалық сөз (ашық хат), немесе көркем сөзбен («эпистолярлық роман») байланысты екенін атап өтіп, эпистолярлық стильді біртұтас жеке стиль түрі деп танымайды. Академик Р.Сыздықова бұны өз еңбегінде жеке жазушылардың сөз мәнері (даралық стилі) деп атап, **эпистолярлық** стиль ретінде қарастырады [6,235]. Ағылшын, орыс тілдерінде эпистолярлық жанр ретінде зерттеледі. Эпистолярлық жанр – өзіндік ерекше табиғаты бар, жеке адамдардың бір-біріне жазысқан хаттарының

тілін танытатын сөз мәнері, жеке жазушының сөз саптауы, жазу үлгісі. Қазіргі теориялық лингвистиканың негізін салушы В. Гумбольдт: «Жеке адам жалпылықпен соншалықты керемет үйлеседі, дегенмен, бүкіл адамзат баласы бір тілде сөйлесе де, әр адамның өз тілі болады», – деп өте орыңды айтқан. Жалпы мен жекенің арақатынасының диалектикасы кез келген ауқымдағы жеке тіл қолданысын – идиолектіні жалпы ұлттық тілден ажыратып, оқшаулауға негіз береді. Әдетте, кез келген адамның күнделікті тұрмыста, үй ішінде, жеке басына қатысты жайларды сөз еткен хаттары бұл салада зерттелуге тиісті материал бола алмайды, белгілі қоғам қайраткерлерінің, қалам иелерінің, ғылым-білім өкілдерінің, көбінесе әлеуметтік не өзге де мәні бар мазмұндағы корреспонденциялары құндылық танытады.

Бұл мақалада қазақ мәдениетін әлемге танытқан біртуар жазушы М. Әуезовтің хаттарындағы қаратпа жалқы есімдерге талдау жасалып, жазушының стиліндегі вокативтік құралдардың семантикасы мен қызметі анықталады. Вокативтік қолданыста адресант адресаттың назарын өзіне аудару үшін жалқы есімдерді тілдің өзіндік ерекшеліктеріне сай қолданады. Кейбір тілдерде арнайы вокативті дайын форма бар, ал қайсыбірінде бұл нысан жеке септік болып та аталады. Ал бұл қазақ тілінде септеу жүйесінен тыс тілдік бірлік ретінде беріледі. Вокативтік тіл бірлігі сөйлемнен тысқары тұрғанымен де, сөйлемнің басқа мүшелерімен синтаксистік қатынаста болады. В.И. Карасик вокативтерді тілдің әмбебап бірлігі ретінде қарастырып, олар – «тілдердің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін ерекше көрсететін, құрамы жағынан біркелкі болмайтын күрделі мазмұндық құрылым» [7], – деп атап көрсетеді. Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің елу томдық академиялық толық басылымының елуінші томындағы қазақ және орыс тілдерінде жазылған хаттарында вокативтер өте жиі кездеседі. Қазақ тілінде жазылған алпыс төрт хатта алпыс жеті рет адамның есімдері (Марзия, Фатима, Мәлік, т.б.), ал орыс тілінде жазылған сексен төрт хатта тоқсан төрт рет вокативтер кездеседі (Валечка, Эрнарлик, Муратай, т.б.) [9]. Бұл ретте антропонимдік вокативтердің қалыпты қолданысы да, атаудың тұрақты нұсқаларынан ауытқуы да кездеседі, олар «көрсеткіштік (сөз тек тікелей осы мәнмәтіндік мағынаға ие) немесе эмоционалдық сипаттағы» ақпаратты жеткізеді [7, 194]. Антропонимдерді зерттеуде коммуникативті-функционалдық тәсілді қолдану теориялық және практикалық сипаттағы бірқатар негізгі принциптерге сүйенеді: тілдік бірлікті синтаксистік негізде оқыту; тілдің әртүрлі деңгейлерінің өзара әрекетін есепке алу; ана тілін басқа мәдениет ерекшеліктерімен салыстыру және т.б. Мұхтар Әуезовтің хат алмасуында қолданылған қазақ және орыс тілдеріндегі антропонимдерді түсіндіру, үйрету кезінде осы принциптерді іске асыруға мүмкіндік болады. Сонымен, жалқы есімдердің қолданысын синтаксистік негізде түсіндіргенде жазушы антропонимдік вокативтерді сөйлемнің басында, ортасында және соңында да кісіні қарату мақсатында қолданады. Мысалы:

а) сөйлемнің басында:Мұратай, айналайын алтын балам! Валенька родная моя! (38);

б) сөйлемнің ортасында:Құрметті Марзия жолдас! Золотой мой Эрнарлик милый! (6);

в) сөйлемнің соңында:Алтын балақайым Мұратай! Дорогая Екатерина Александровна! (78).

Қаратпалы есім сөздері бар сөйлемдер көбінесе шақыру, назарды аудартатын немесе сұраулы мағынада болып келеді, өйткені хаттағы есімі аталып, шақырылған адамды автор белгілі бір әрекетке итермелейді немесе сұраққа жауап беруін өтінеді. Шақыру мәнді вокатив сөз хат авторының көңіл-күйін жеткізіп, сөйлемнің эмоционалды бояуына әсер етеді. Қаратпа сөз сөйлемнің басында келсе, одан кейін үтір, не леп белгісі, ортасында келсе, екі жағынан үтір, соңында келсе, оның алдынан үтір қойылады. Қазақ тілінің тыныс белгілерін дұрыс қолдана білуді студенттердің есіне салып қойған артық болмайды.

Тілдің әртүрлі деңгейлерінің өзара әрекетін есепке алуды антропонимдердің құрылымын талдаудан байқауға болады. М. Әуезовтің қолданысындағы антропонимдердің құрылымы дара жалқы есімдерден, сондай-ақ жалқы есімдер арқылы берілген вокатив сөздерді қайталаудан тұрады. Жекесөзден жасалған вокатив түріне тек адамның қысқартылған немесе толық атымен аталған жеке жалқы есімін жатқызамыз. Мысалы: Фатима (Ф. Ғабитова) (16), Батима/Бәтима (Ф. Ғабитова), Ысқақ (Ы.Т. Дүйсенбаев), Смағұл (С. Сәдуақасов), Ғабиден (Ғ. Мұстафин), Мұратай (ұлы). Орыс тілінің үлгісімен қолданылатын өз есімі және әкесінің атымен келетін екі компонентті вокатив сөздер жиі кездеспейді. Жазушы көбінесе зат есім мен сын есімдерден тұратын күрделі құрамды қаратпаларды қолданады: Қымбатты Митрофан Семенович, Дорогая Екатерина Александровна!

М. Әуезов эпистолярлық шығармашылығында іні, балақай, бала, дос, жолдас, жеңгей деген жалпы есімдерден жасалған вокатив сөздерді жиі қолданады, бұл жазушы мен оның адресаттары арасындағы туыстық, жолдастық қатынас дәрежесін көрсетеді. Қаламгер балам, айналайын, балақайым, мальчик деген жалпы есімдермен ұлдарына ғана ерекше қарым-қатынасын, әкелік махаббатын жеткізеді.

Эпистолярлық мәнмәтінде эмоцияны күшейту мақсатында атауды түрлендіріп жеткізу үшін жалқы есімдер бірнеше рет қайталанып кездеседі. Мысалы, Валечка, Валенька, Валюшенька, Ляленька, Ляленька моя, Лилюня, Лилюня милая моя, Ляля. Автор мәтіннің бір бөлігін эмоционалды бояумен көрнекі түрде бөлектеп, әсірелеп жеткізу үшін хатты арнап отырған адамына көзқарасын ерекшелетін эмфаза (мағыналық әсірелеу, назар аудару) құбылысын қолданады. Осылай жазушы адресатқа өзінің сезімін, көңіл-күйін, толғаныстарын білдіреді.

Хат иесінің көбінесе, адресатқа құрмет көрсете, сый білдіре арнаған вокатив сөздері зат есім мен жалқы есім, сын есім мен жалқы есім, сын есім мен жалпы есім мен жалқы есімнен құралады. Мысалы:

- зат есім + жалқы есім: Жолдас Мәлік! (М. Ғабдуллин); Жолдас Есмағамбет! Жолдас Хажым!

- сын есім + жалқы есім, сын есім + жалпы есім + жалқы есім: Қадірлі Нұрымбек! Қымбатты Кәмен! Дорогой Александр Александрович! (А.А.Фадеев) (99), Глубокоуважаемый господин Пол Синкер! Сүйікті інім Мәлік! Қадырлы іні-дос Тақауи! (Т. Ахтанов);

- жалқы есім + жалпы есім + сын есім: Евгения Васильевна, друг мой дорогой, родной! (Е.В. Лизунова) (49);

Қаратпалы вокатив сөздерде эпитет ретінде екі тілдің лексикалық бірліктері: қымбатты, қадірлі, құрметті, ардақты, ең қымбат, асыл, родной (-ая), дорогой (-ая), милый (-ая), глубокоуважаемый секілді сын есімдер қолданылады.

Жазушының қолданысындағы орыс тіліндегі атаулардың қазақ тілімен сәйкеспейтін әртүрлі мағыналық реңктері бар қосымшалы тұсын, кейбір вокатив рөліндегі жалқы есімнің айтарлықтай көп туынды формаларға жіктелуін, сөздің лексикалық мағынасына әсер етпейтін, әр түрлі эмоциялық әсер, эмоциялық реңк, семантикалық мән жамайтын қосымша морфемаларын салыстырмалы түрде студенттердің есіне салып қойған абзал. Кішірейту, сыйлау, құрметтеу қосымшаларының кісі аттарын өзгертіп, түрлендірудегі қызметі тым ерекше. Бұл – тілде жиі қолданылатын өнімді қосымшалар [8,187]. М.Әуезовтің қазақ тілінде жақын адамдарының есімдеріне жалғаған -тай қосымшасы кішірейту, еркелету, ізет көрсету сияқты қосымша мағына үстейді. Ұлы Мұрат Әуезовті жазушы Мұратай (10), Муратай (2) (Алтын балақайым Мұратай! Муратай милый мой!) деп еркелету жұрнағымен екі тілде де қатар қолданады.

М. Әуезов жары мен қызына жазған әр хатында олардың есімдерін туындымен (Валечка, Валенька) және түрлендірулермен (Ляленька, Валюшенька, Лилюня, Ляля) әрлеп, адресант өзінің ерекше көңілін осылай білдіреді. Ол әйеліне қатысты вокативтерді орыс тілінің субъективті кішірейткіш-еркелеткіш жұрнақтарымен қолданады:

- ечк: Валечка (13) (Валечка золотая, милая моя!);

- еньк: Валенька (3) (Валенька родная моя!);

- юшеньк: Валюшенька (3) (Валюшенька милая!). Адресанттың Валентина Николаевнаға арнаған хаттарынан оның ерекше сүйіспеншілігі сезіледі. Автор туынды вокатив жасайтын жұрнақ таңдауда орыс тілінде ең көп тараған түрлерін қолданады. -ечк – махаббаттың, -еньк – жылулықтың, -юшеньк – жақындықтың символы қызметін атқарып тұр десек те болады.

Қызына: -еньк: Ляленька (2) (Ляленька моя!);

-юня:Лилюня (1) (Лилюня милая моя!);

-туынды вокатив:Ляля (2) (Валюшенька, миленькая моя, и Ляля радость моя!)

Жазушы қызы Ләйләға орыс тілінде жазған хаттарында жұрнақ таңдау арқылы өзінің жеке талғамын, қызына деген ерекше махаббатын аңғартады. Сондай-ақ, қызының есімін түрлендіріп атау арқылы оны еркелету және әке мен қызы арасындағы нәзік сезімге толы ерекше қатынасты да бейнелеуге тырысқан.

Ұлдарына: -ик:Эрнарлик (4), Аскарлик (1) (Эрнарлик родной мой, самый-самый любимый!). Бұл жұрнақ орыс тілінде кішірейту, еркелету мағынасында жиі қолданылатынын ескере отырып, жазушы ұлдарына да осы жұрнақ арқылы жақындықты, жылы сезімдерін жеткізе білген.

Әдебиет сыншысы, ғалым, аудармашы Кедрина Зоя Сергеевнаға арналған хаттардағы -иньк:Зоинька (7) (Зоинька родная!) жұрнағы жазушының адресатқа деген құрметі мен сыйлы, жылы ізетті қарым-қатынасын байқатады.

Антропонимдік вокативтермен басталатын хаттардың келесі бір тобы М. Әуезовтің қаламдас достары мен лауазымды қызметтегі адамдармен арадағы ресми не достық қарым-қатынасы жайлы баяндайды. Жазушының партиялық қызметтегі адамдарға жазған он бес хатының бәрінде де ресми жазу стилі қатаң түрде сақталады. Мысалы:

- ұйымның ресми атауы және басшының аты-жөні:В министерство культуры СССРминистру Товарищу Пономаренко Пантелеймону Кондратьевичу (2);

- ұйымның атауы және адресаттың тегі:ЦК КПК Товарищу Шаяхметову Ж.Ш. (9);

- товарищ сөзі + тегі:Товарищам Фадееву Александру Александривичу, Суркову Алексею Александровичу и Симонову Константину Михайловичу (1);

- адресаттың лауазымы + ұйым атауы: Директору почтовой конторе при доме связи начальнику 2-го почтового отделения (3).

Жазушының орыс тілінде жазған хаттарында вокативтер орыс қоғамындағы кез келген коммуникативті жағдай үшін дәстүрлі аты, әкесінің аты және тегінің тіркесімді қолданысымен келетіндігі бірден аңғарылады. Дегенмен, М. Әуезовтің эпистолярлық шығармашылығында аты-жөнімен кісіні шақыру аса жиі кездеспейді, бұндай вокативті жазушы көбінесе субъективті-бағалаушы эпитеттермен тіркестіріп, қолданады. Мысалы, Глубокоуважаемый Евгений Данилович! (әдебиет зерттеушісі, сыншы Е.Д. Сурковқа арнаған хаты). Жазушының «товарищ» сөзін жиі қолдануы этикет бойынша құрмет көрсету дәрежесін көрсетеді. Сондай-ақ, товарищ компоненті бар вокатив, әдетте партия қызметкерлеріне, саяси жетекшілерге жазған ресми хаттарда жиі кездеседі, яғни КСРО кезінде қалыптасқан коммуникативті-апелляциялық дәстүрдің ерекшелігі деп қарастырамыз. Мысалы, ЦК КПК Товарищу

Шаяхметову Ж.Ш. деп бастаған жазушының ҚКП ОК бірінші хатшысы Ж.Ш.Шаяхметовке жеке кездесуге өтініш білдіру мақсатында қолданған вокативі сол кезең ағымына байланысты саяси-әлеуметтік жағдайдан хабар береді.

М. Әуезов хаттарының контекстінде жиі кездесетін топтардың бірі – хат авторының өз адресаттарына қарым-қатынасын көрсететін субъективті-бағалаушы комбинациялар болып табылатын адрестік атаулар, әдетте, бұлар – бірнеше компоненттен тұратын вокативтік құрылымдар. Мысалы:

- Жолдас:Жолдас Мәлік! (6);
- Қадірлі:Қадірлі Алпысбай! (13);
- Қымбатты:Қымбатты Митрофан Семенович! (6);
- Құрметті:Құрметті Марзия жолдас! (4);
- Інім/досым:Сүйікті інім Мәлік! (4);
- Ардақты:Ардақты Фатима! (1);
- Дорогой(-ая):Дорогой Василий Васильевич!Дорогая Фаида!(21);
- Родной(-ая):Леонид Сергеевич родной! (5);
- Глубокоуважаемый:Глубокоуважаемый господин Пол Синкер! (5);
- Милый(-ая):Милый Павел Николаевич! (5);
- тек қана жеке жалқы есім: Ысқақ! (10).

Нәтижелер. Ұлы жазушымыз М.Әуезовтің шығармаларындағы тіл шеберлігі, сөз қолданыс үлгілері – тың дүние, игерілуге тиіс ұланғайыр байлық [9]. Оның эпистолярлық мұраларындағы антропонимдердің қызметі маңызды прагматикалық мағынаға ие. Экспрессивті жалқы есімдердің семантикасы адамдар арасындағы қарым-қатынастың, сыйластықтың, сезімдердің толғаныс дәрежесін байқатады, қазақ және орыс мәдениетіне тән адами қарым-қатынастардың сипатын көрсетеді. Антропонимдік вокативтер М. Әуезов пен оның қаламдас достары арасындағы ресми немесе достыққа негізделген қарым-қатынас туралы мәлімет береді. М. Әуезов ақын, жазушыларға және саяси партия қызметкерлері мен ұйым басшыларына жазған хаттарында ресми стильдегі әдет бойынша адресатқа аты мен әкесінің атын атап хат жазады. Мысалы, Дорогой Константин Михайлович! Милый Павел Николаевич!, қазақ тілінде: Қадірлі Нұрымбек!Қымбатты Мүсілім! Бұл хаттардың стиліне терең құрмет, ұстамдылық, тиянақтылық пен нақтылық тән. Ол орыс ұлтының зиялы қауым өкілдеріне және өзінің қаламдас әріптестеріне аса құрметпен, сол кездегі кеңестік идеологияның стилімен аты мен әкесінің атынан тұратын күрделі вокативті адресаттың лауазымына қарай жолдас, інім, қадірлі, қымбатты, құрметті, дорогой (-ая), родной (-ая), глубокоуважаемый, милый (-ая) секілді эпитеттерді қосып қолданады.

Хаттардағы вокативтердің жұмсалу динамикасына қарап, адресат пен адресанттың арасындағы қарым-қатынастардың біртіндеп дамып, тереңдеуін байқауға болады. Мысалы, М. Әуезов хат алмасудың басында, қарым-қатынас

басталғанда, жазушы қаратпа сөзді біршама ұстамды қолданады: Дорогие друзья Зоя и Абель Наумович! Кейін олардың арасындағы достық нығая түскенде вокатив бұрын болмаған сезіммен әрленіп, жалқы есім жалаң келеді, не эпитетпен қолданылған вокатив деминутивті қосымшамен жазылады: Зоинька родная! Зоинька милая! М.О. Әуезовтің эпистолярлық мұрасының көлемді бөлігі ерлі-зайыпты Зоя Сергеевна Кедрина мен Алексей Наумович Пантиелевке жазған хаттарынан тұрады. З.С. Кедрина – М.Әуезовтің жеке өзіне, тіпті жалпы қазақ әдебиетіне жаны ашыған достарының бірі. З.Кедрина мен А.Пантиелевтің отбасымен М. Әуезовтің өзі де, қызы Ләйла да жақсы қарым-қатынаста болған. 1953 жылы М.Әуезовтің басына қауіп төнген кезде, Мәскеуге операцияға барғанда осы достарының үйіне түскен. Операция алдында соңғы көрген адамдары да З.С. Кедрина мен А.Н. Пантиелев болды. З.Кедрина мен А.Пантиелевке 1951 мен 1959 жылдың арасында жазған хаттары М.Әуезов өмірінің қиын кезеңдерінен, сәтті жылдарынан қызықты деректер береді. Бұл хаттар жазушының шығармашылық лабораториясының беймәлім беттерін ашады [10,187].

М.О.Әуезовтің эпистолярлық мұрасындағы қаратпа-вокативтерді талдау арқылы олардың номинативті және бағалаушылық (бағалау-экспрессивті) қызмет атқарғандығы нақтыланды. Номинативті қызметте жалқы есімдер ешқандай анықтауышсыз және кішірейткіш мәнді суффикстерсіз де келеді: Ғабиден! Ысқақ! Фатима! Смағұл! Автордың адресатты қалай қабылдауына байланысты жазушының оған деген сезімі вокатив түрінде жүзеге асады. Жазушының эпистолярлық стиліндегі бағалау мәнді вокативтерді үш топқа жіктеуге болады: 1) кішірейткіш жұрнақтары бар вокативтер: (Мұратай! Эрнарлик, Аскарлик, Зоинька), 2) сондай-ақ эпитетті вокативтер (эпитет сөздер: сүйікті, қадырлы, қымбатты, дорогой, милый, глубокоуважаемый) және 3) есімдердің ерекше нұсқалары (Шәкеш, Исеке). М. Әуезов қазақтың менталитетіне сай үлкенді құрметтеу, қадір тұтып сыйлау, яғни үлкен адамның, сонымен қатар жолдастарының атын атамай қазақ тіліне тән арнайы сыпайылық қосымшасымен айту дәстүрін де сақтаған. Мысалы:

– Қымбатты Шәкеш! Жазушы «Шәкеш» вокативтің әдебиет зерттеушісі, филология ғылымының докторы Сәтбаева Шәмшиябану Қанышқызына арнаған. Қаратпа кісі есімдерінде кездесетін еркелету мағынасында қолданылатын -ш жұрнағын Г.Г. Мұсабаев өз еңбегінде -шақ қосымшасының өзге бір түрі ретінде де қарастырады [11, 36].

– Дорогой Исеке!– деп бастаған хаттың соңында хаттың нақты кімге арналғандығы туралы ақпарат берілмеген. Дегенмен хаттың мәтініне сүйенсек, жазушы ұлы Мұраттың Мәскеу мемлекеттік университетінің Шығыс тілдері институтына тіркелуіне көмектесуін сұрап жазады. Ал жазушы әйелі Валентинаға жазған хаттарының бірінде Исағали Шәріповпен кездескені туралы айтқан. И. Шариповтың Қазақстанның Мәскеудегі Министрлер кеңесінің

тұрақты өкілі болғанын ескере отыра, жазушының Исеке деп құрметпен жіберген хаты Исағали Шәріповке арналған деп пайымдауға болады.

Жазушы қаратпа вокативті хатты арнаған адресатпен арадағы тұлғааралық қатынасына қарай аса талғампаздықпен таңдаған. Антропоним «мағыналы есім, адресатқа мінездеме беру үшін стильдік мақсатта қолданылатын троп қызметін атқарады»[12],– деп айтуға болады. М. Әуезовтің эпистолярлық мұрасында тарихта үш Алаш ұлының музасы болған Фатима Ғабитоваға арналған вокативтерді атап өтуге болады. Жазушының хаттарынан Фатима екеуінің арасындағы қарым-қатынастың қалай өрбігені байқалады. Мысалы, бастапқы хаттарда Қадірлі Фатима жеңгей, Біләл! деген вокатив әріптесі, өмірдегі ағасы Б.Сүлеевтің жары ретінде, сосын вокатив Қадірлі досым Фатима! болып досы, әріптесі ретінде де қолданылады. Ф.Ғабитованың жары Б.Сүлеев ату жазасына кесіліп, үш баласымен қалады, содан кейін тағдырдың жазуымен Фатима Ілияс Жансүгіровпен бас қосып үш перзент сүйеді. 1938 жылы І.Жансүгіров ату жазасына кесілгеннен кейін бес баламен қалған Фатима Ғабитоваға Мұхтар Әуезов қол ұшын созады. Екеуі отау құрғаннан кейін ұлы Мұрат Әуезов дүниеге келеді [13]. Жазушы сол кездегі хаттарында Фатима, Қадірлі Бәтима! деп әйелі мен балаларының жағдайын сұрап хат жазып тұрған.

Қорытынды. Студенттермен жұмыста коммуникативті-прагматикалық тәсіл арқылы адам есімінің адамды бір-бірінен ажырату, қарым-қатынас орнату мақсатында қойылған есімнің бірегейлік номинативтік қызметінің маңызын ашып көрсете отырып, заманауи қазақ есімдеріне бұрын антропонимиялық қорда кездеспеген жалпы есім сөздерден жасалған, көне түркі антропокомпоненттері арқылы жасалған, араб-парсы тілдерінен енген есімдер, жаһандану үдерісі мен БАҚ құралдары ықпалынан енген батыстық үлгідегі және дыбыстық өзгеріске ұшыраған есімдерді де атап, М.Әуезов қолданған вокатив есімдермен салыстыра отырып, талдауға болады. Вокатив жалқы есімдерді қарастыру келесі заманауи тілдік мәселемен ұштасып жатыр. Әр тілдің өзіне тән есім қою үлгілері бар, өзге ұлттың есімін қою – ана тіліміздің шұбарланып, шырайының жоғалуына алып келеді. The processes taking place in the language require the attention of specialists and the state and the adoption of measures to strengthen the state language. For this, it is necessary to take measures to determine the ecological profile of consumers of the Kazakh language, their quantity and quality, and the level of proficiency in oral and written forms of the literary language [14,6].

Қорытындылай келе, жұмыста М. Әуезовтің эпистолярлық стиліндегі антропонимдік вокатив түрлерінің бай корпусына талдау жасалды, жазушының екі тілде жазған хаттарындағы қаратпа вокативтердің тілдік ерекшеліктері контенттік талдау арқылы зерттелді, және автор стилінде вокативтерді таңдау тікелей тұлғааралық қатынастарға байланысты екендігі, сонымен бірге

корреспонденция қатаң ресмиден уақыт өте келе сырластық, достық қарым-қатынасқа дейін өрбігендігі анықталды.

Әдебиеттер

1. Формановская, Н.И. Речевые взаимодействия: коммуникация и прагматика. – М.: Наука, 2007. – 489 с.
2. Пассов Е. И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению: пособие для учителей иностр. яз. – М.: Просвещение, 1985. – 208 с.
3. Бёк В. Коммуникативно-функциональный подход к языку как средство интенсификации обучения русскому языку // Русский язык за рубежом. 2016. № 1. – С. 55-57.
4. Нұрдаулетова Б.И. Көркем мәтіннің семантикалық кеңістігі (жыраулар поэзиясы мәтіні негізінде). Еуразия гуманитарлық институтының ХАБАРШЫСЫ, 2/2022. 15-76.
5. Протопопова О.В. Эпистолярный стиль // Стилистический энциклопедический словарь русского языка / М.Н. Кожина. – М.: Флинта, 2003. – 123 с.
6. Сыздықова Рабиға, Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы) – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 124 б.
7. Карасик В. И. Язык социального статуса. М.: Институт языкознания АН СССР; Волгоградский пед. институт, 1992. – 495 с.
8. Капанова Д.Е., Рустемова С.К. Көркем шығармадағы ономастика. Ономастикалық зерттеудің негізгі бағыты // С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ғылыми журналы. ПМУ ХАБАРШЫСЫ. Филология сериясы. – №1 (2017). – Б. 184-194.
9. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 50-т. – Алматы: Жібекжолы, 2011. – 312 б.
10. М.Әуезов – қазақтың әдеби тілін жетілдірген сөз зергері. <https://stud.baribar.kz/2389/m-aezov-qazaqtynh-adebi-tilin-zhetil/>
11. Мусабаев Г.Г. Современный казахский язык. Лексика. – Алма-Ата: Ғылым, 1959. – Т. 1. – 134 с.
12. Салимова Д. А., Данилова Ю. Ю. Антропонимы как обращения в эпистолярном дискурсе Марины Цветаевой. – 2019. – №1 (19). <http://www.novsu.ru/univer/press/eNotes1/i.1086055/?id=1497898>
13. Мұхтар Әуезов. Алаш электронды кітапхана. https://alash.semeylib.kz/?page_id=2566
14. Omarbekova, G.A. Perspectives on Proverb Use among Kazakhs: Ecological Discourse. In: Contemporary Kazakh Proverb Research: Digital, Cognitive, Literary, and Ecological Approaches. Peter Lang International Academic Publishers. New York, 2022. 250 pages. DOI: 10.3726/ b19538

Г.А. ОМАРБЕКОВА

Назарбаев Университет, Астана, Қазақстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ АНТРОПОНИМИЧЕСКИХ ВОКАТИВОВ В ЭПИСТОЛЯРНОМ СТИЛЕ МУХТАРА АУЭЗОВА

Аннотация. Несмотря на то, что в казахском языкознании имеется множество трудов, посвященных изучению языка отдельных поэтов и писателей, научные исследования эпистолярного стиля на сегодняшний день очень актуальны. Эпистолярная проза писателя, собранная в пятидесятом томе пятидесятитомного полного собрания произведений М. Ауэзова, является неотъемлемой частью нашей национальной культуры. Его письма, написанные в качестве писателя-ученого, члена семьи и т.д., раскрывают творчество, исторические события, важные периоды жизни и людей тех времен, дают представление об его окружающей среде. Ученые, изучающие эпистолярную прозу казахского классика, познакомятся с употреблением антропонимических вокативов, узнают особенности их употребления в разных контекстах, выявят эпистолярный жанр и личный почерк М. Ауэзова в этом жанре. Цель статьи – выявить специфику антропонимических вокативов в эпистолярном дискурсе М. Ауэзова, определить коммуникативно-функциональную и прагматическую функцию этих языковых средств в его идиостиле. Для этого были собраны и сгруппированы все имена собственные в письмах М. Ауэзова по их лексико-грамматическим признакам, путем контент-анализа выяснены распространенные варианты образования вокативов и частота их употребления, определена особенность их прагматического использования.

Ключевые слова: М. Ауэзов, корреспонденция, антропонимы, эпистолярный стиль, вокатив, имя собственное.

G.A. OMARBEKOVA

Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan

THE USE OF ANTHROPONYMICAL VOCATIVES IN THE EPISTOLARY STYLE OF MUKHTAR AUEZOV

Abstract. Despite the fact that in Kazakh linguistics there are many studies of the language of individual poets and writers, scientific studies of the epistolary language of individual writers in correspondence are currently developing at a certain pace. The epistolary prose of the writer, collected in the fiftieth volume of the fifty-volume complete collection of works by M. Auezov, is an integral part of our national culture, his letters, written as a writer-scientist, as a family member, as an ordinary person, reveal the creative face of a person, the historical events of his

period life and people of those times, gives an idea of his environment. Using anthroponomy in personal correspondence, language learners will get acquainted with the use of anthroponomy - vocatives, learn the features of their use in different contexts, identify the epistolary genre and M. Auezov's personal signature in this genre. The purpose of the article is to find out the specifics of anthroponomical vocatives in the epistolary discourse of M. Auezov, to determine the communicative-functional and pragmatic function of these linguistic means in his idiostyle. To do this, all proper names in the letters of M. Auezov were collected and grouped according to their lexical and grammatical features, by means of content analysis, common variants of the formation of vocatives and the frequency of their use were clarified, and the peculiarity of their pragmatic use was determined.

Keywords: M. Auezov, correspondence, anthroponomy, epistolary style, vocative, proper name.

References

1. Formanovskaia, N.İ. Rechevye vzaimodeistvia: komunikasia i pragmatika. – M.: Nauka, 2007. – 489 s.
2. Pasov E. İ. Komunikativnyi metod obuchenia inoiazychnomu govoreniu: posobiedlä uchitelei inostr. iaz. – M.:Prosveşenie, 1985. –208 s.
3. Bök V. Komunikativno-funksionälnyi podhod k iazyku kak sredstvointensifikasii obuchenia ruskomu iazyku // Ruski iazyk za rubejom. 2016. № 1. – С. 55-57.
4. Nürdauletova B.İ. Kõrkem mätinnüñ semantikalyq keñistigi (jyraular poeziasymätini negızinde). Eurazia gumanitarlyq institutynyñ HABARŞYSY, 2/2022. 15-7b.
5. Protopopova O.V. Epistolärnyi stil // Stilisticheski ensiklopedicheskislovär ruskogo iazyka / M.N. Kojina. – M.: Flinta,2003. – 123 s.
6. Syzdyqova Rabiğa, Tıldık norma jäne onyñ qalyptanuy (kodifikasiasy) – Almaty: El-şejire, 2014. – 124 b.
7. Karasik V. İ. İazyk sosiälnoĝo statusa. M.: Institutäzykoznanıa AN SSSR; Volgogradski ped. institut, 1992. – 495 s.
8. Kapanova D.E., Rustemova S.K. Kõrkem şyĝarmadaĝy onomastika. Onomastikalyqzertteudiñ negızgi baĝyty // S. Toraiĝyrov atyndaĝy Pavlodar memlekettik universitetiniñ ĝylymi jurnaly. PMU HABARŞYSY. Filologia seriesy. – №1 (2017). – B. 184-194.
9. Äuezov M. Şyĝarmalarynyñ elu tomdyq tolyq jınaĝy. 50-t. –Almaty: Jibekjoly, 2011. –312 b.
10. M.Äuezov – qazaqtyñ ädebi tilin jetildirgen söz zergeri. <https://stud.baribar.kz/2389/m-auezov-qazaqtynh-adebi-tilin-zhetil/>
11. Musabaev G.G. Sovremennyi kazahski iazyk. Leksika. – Alma-Ata: Ğylym, 1959. – T. 1. – 134 s.

12. Salimova D. A., Danilova Iu. Iu. Antroponimy kak obraşeniya v epistolärnomdiskurse Mariny Svetaevoi. –2019. –№1 (19). <http://www.novsu.ru/univer/press/eNotes1/i.1086055/?id=1497898>

13. Mūhtar Äuezov. Alaş elektronды kıtaphana. https://alash.semeylib.kz/?page_id=2566

14. Omarbekova, G.A. Perspectives on Proverb Use among Kazakhs: Ecological Discourse. In: Contemporary Kazakh Proverb Research: Digital, Cognitive, Literary, and Ecological Approaches. Peter Lang International Academic Publishers. New York, 2022. 250 pages. DOI: 10.3726/ b19538

Автор жайлы мәлімет:

Омарбекова Гүлнәр Әбілдақызы – филология ғылымдарының кандидаты, Назарбаев Университетінің қауымдастырылған профессоры, Астана, Қазақстан.

Омарбекова Гульнара Абилдаевна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Назарбаев университета, Астана, Казахстан.

Omarbekova Gulnara Abildaevna – candidate of Philological Sciences, Associate Professor of Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan.